



ШЕШІМ

23.08.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 424/54-VI

город Нұр-Сұлтан

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
Жер комиссиясының құрамы  
туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясының құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімге Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясы туралы ереже 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. 2018 жылғы 24 мамырдағы №265/32-VI Астана қаласы мәслихатының «Астана қаласында жер участкеріне құқық беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы» шешімі жойылсын.

Бланк серийлық немісіз жарнамасынан  
Бланк без серийного номера не действителен

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

**К. Таукен**

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

**Ж. Нұрпейісов**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2019 жылғы 23 тамыздағы  
№424/54-VI шешіміне  
қосымша

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Жер комиссиясының құрамы**

- |                                |  |
|--------------------------------|--|
| Әмрин<br>Асқар Кеменгерұлы     | – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, төраға  |
| Абаев<br>Анзор Мициевич        | – «Нұр-Сұлтан қаласының Сәulet, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі жер комиссиясы жұмысын үйымдастыру бөлімінің басшысы, хатшы  |
| Аюпов<br>Аман Біләлұлы         | – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты  |
| Аяшев<br>Мақсат Темірбекұлы    | – «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы» респубикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы (келісім бойынша) |
| Жұнісов<br>Алмат Асқарұлы      | – Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры (келісім бойынша)  |
| Еркетаев<br>Мұхтар Дүйсенұлы   | – Нұр-Сұлтан қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі  |
| Қасенов<br>Гайдар Қабдоллаұлы  | – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты  |
| Келигов<br>Йосуп Хасанұлы      | – Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қоғамдық келісім кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)  |
| Құлұшев<br>Төлеген Базарбайұлы | – «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы   |

- Рахимбеков  
Азамат Боранұлы
- «Жаңару» сыйбайлас жемқорлықта қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі филиалы директорының орынбасары (келісім бойынша)
- Сәттаров  
Амангелді Серікұлы
- «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы Қала құрылышы бойынша департаментінің директоры (келісім бойынша)
- Табылдина  
Алтыншаш Жұмашқызы
- Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты
- Ұранхаев  
Нұрлан Телманұлы
- «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылышы және жер қатанастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы
- Шайдаров  
Мәжит Зейноллаұлы
- Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты
-

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2019 жылғы 23 тамыздағы  
№ 424/54- шешіміне  
2-қосымша

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясы туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 359 «Жер комиссиясы туралы үлгі ережені бекіту туралы» бүйріғына сәйкес әзірленді.

2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Нұр-Сұлтан қаласы аумағында тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссия өзінің жұмысын ашықтық, жариялыштық, алқалыштық және әділдік қағидаттарында ұйымдастырады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының зандарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

### 2. Комиссияның функциялары мен құқықтары

4. Комиссияның функциялары жер участеклеріне құқықтар беру туралы, жер участеклерінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы және су қорының жерін басқа санаттардағы жерге ауыстыру туралы өтініштерді (өтінімдерді) қарau және қорытындылар дайындау болып табылады.

5. Комиссия өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан жер участексерінің бары немесе жоғы туралы, жер участексеріне ауыртпалық туралы, занды тұлғалардың жарғылық капиталында шетелдіктердің үлесі бары немесе жоғы туралы, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің пайдаланылу режимі туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

### 3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

7. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-бабына сәйкес айқындалады.

8. Комиссия төрағасы Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің жер мәселеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

9. Төраға Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және осы Ереже Комиссияға жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Комиссия төрағасы:

- 1) отырысты шақырады;
- 2) Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Комиссияның жұмысын жоспарлайды;
- 4) Комиссия отырыстарына төрағалық етеді.

11. Комиссия мүшелері:

- 1) ұсынылған материалдармен танысады;

2) Комиссия отырысында қаралуы тиіс мәселелерді қарайды және тиісті шешім шығаруға қатысады;

- 3) отырыстарға қатысу жөніндегі өз өкілеттігін басқа адамға бермейді.

12. Комиссия хатшысы:

- 1) Комиссия отырысының күн тәртібін жасайды;

2) Комиссия мүшелеріне Комиссия отырысының өтетін күні мен орны туралы хабарлайды;

3) отырысты өткізуге қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асырады, хаттамасын және комиссия отырысының қорытындысын ресімдейді;

- 4) Комиссия мүшесі болып табылмайды.

13. «Нұр-Сұлтан қаласының Сәulet, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Комиссияның жұмыс органды (бұдан әрі – жұмыс органды) болып табылады.

Комиссия хатшысының міндеттері жұмыс органдының маманына жүктеледі.

14. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ өткізілетін күнін, уақыты мен орны Комиссия төрағасы айқындейды.

15. Комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін қалыптастыруды, Комиссия мүшелерін шақыруды, Комиссия қорытындыларының жобаларын және басқа да қажетті іс-шараларды жұмыс органды қамтамасыз етеді.

16. Комиссия отырысы, егер оған оның құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Бұл ретте қоғамдық кеңестер, агроенеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысу саны қатысып отырган жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде елу пайызын құруы тиіс. Жер комиссиясының мүшелері оның отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

17. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысушы жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен айқындалады және егер жер комиссиясы мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе шешім қабылданды деп саналады.

18. Комиссия отырысы міндетті түрде аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен жазылады. Жер комиссиясының отырысын аудио-, бейнежазба қуралдарының көмегімен жазуды жұмыс органы жүзеге асырады.

19. Комиссияның қорытындысы бес жұмыс күні ішінде жұмыс органы сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстарды Комиссияға берген уақыттан бастап хаттамалық шешім нысанында үш данада жасалады.

20. Комиссияның он қорытындысының бір данасы бес жұмыс күні ішінде оның жерге орналастыру жобасын дайындауы үшін өтініш берушіге беріледі.

#### 4. Қорытынды ережелер

21. Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Сотқа арыз берілгенде Комиссияның хаттамалық шешімінің орындалуы тоқтатылады.

22. Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету «Нұр-Сұлтан қаласының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жүктеледі.

---